-Балаларға үлкендерсіз электр токтарын ұстауға болмайды; -Ерексектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды. -Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға болмайды. -Кір жуатын машинаға қолды салуға болмайды. Және үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету Қортынды Сұрақ –жауап Балаларды мадақтау. Дене шынықтыру Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар . Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау Бөлме ішіндегі техникалық құралдарды іс қимылдарымен жасап тұра қалу. Қыймылды ойын Өз үйіңді тап Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Қажетті құралдар: түрлі-	бейнеленген? (газ және электр плитасы көрсетілді) Балалар, бұл не нәрсе? (балалардың жауаптары) - бұл заттар қайда? (ас үйде); - олар қаншалықты ыңғайлы? (балалардың жауаптары); Пеште не пісіріледі? (балалардың жауаптары); Жарайсыңдар! Сергіту сәті: «Шаңсорғыш ойыны». Шығармашылық бұрыш. Мүсіндеу Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Еркін тақырыпта шығармашылық жұмыс. Балаларды бақылау. Қортынды сұрақ-жауап Музыка маманы бойынша ҰО: «Арқан тарту» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)	Шарты: Суретке қарап өз ойын айту.     Қортынды Сұрақ-жауап. Балаларды мадақтау.	Тоңазытқыш, шаңсорғыш бөліктерін құрастырып, жапсыру. 2-топ Дид ойын: Сурет түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). «Боямақтар» Компьютер және теледидарды бояу Аспаздық орталық аспаздар туралы не білесіңдер? Аспаз орталығында көптеген тағамдар электроникалық құралдармен піседі. Атауларын атап суреттен көрсету. Газ пеш. Микротолқынды пеш, ыдыс жуғыш машина -Балалар сендер шырын жақсы көресіңдер ма? Ендеше өздеріміз электро құрал арқылы алма шырынын тағайындайық. Ол үшін алма жасап аламыз. Мүсіндеу композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Дид ойын: « Алма шырыны» Шарты: Ермексازдан алма жасау. Шырын жасау жолдарын түсіндіру. Қим ойын: «Шаңсорғыш» Шарты: Балалардың біреуі шаңсорғыш қалғандары шаң	дәлелдейді. Дид ойын: «Сиқыршы ине» балаларды үстелге әкеледі, оның үстінде тігін машинасы, үтік, ине, жіп, қайшы, мата бар Балалар айтыңдаршы үстелде не бар? (балалардың жауаптары) - Бұл қандай құрылғы? Тігін машинасы не үшін қажет? (балалардың жауаптары) Қандай керемет , енді біз де гажайып техниканы қолданатын боламыз. Шығармашылық бұрыш. Дид ойын: «Менің көмекшілерім» Шарты: А3 форматта өз қатарымен матаның суреті салу, қайшыны құрастыру, инені мүсіндеу, әр түрлі жіп жапсыру. Қортынды Балаларды мадақтау
---	--	---	---	---

	түсті төртбұрыштар Ойынбарысы: Балаларға түрлі-түсті төртбұрыштар таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар төртбұрыштардың түсі бойынша үлкен төртбұрыштар жасап, өз үйлерін жылдам тауып, тұрақалу. Қолмен жаттығулар жасау ҰО: «Күресу» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)			боп жан жаққа жүгіріп жерге қонады. Шаңсорғыш оларды жинап шығарады. Оның қолы кимге тиеді. Олар жайлап орнынан тұрады. Сұрақ- жауап Қортынды Балаларды мадақтау.	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Серуен № 2 «Қарды бақылау»	Серуен № 8 Адамдардың қысқы еңбегі.	Серуен № 6 «Аязды бақылау»	Серуен № 15 Қысқы ауа-райын бақылау.	Серуен № 20 Боранды бақылау.
	Қысқы серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Еңбегі адал жас өрен-мақсаты өзіне-өзі қызмет жасау. Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жевуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы	Үнемді тұтыну мақсаты «Суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну. Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жаттығу кешені № 16 Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.	Жаттығу кешені № 17 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	Жаттығу кешені № 18 Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық	Жаттығу кешені № 19 Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	Жаттығу кешені № 20 Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				

Бесінас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Көркем әдебиет Ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу Тосын сәт. Хатишы хат пен қорапша әкеледі. Хатты оқу. Балалар бұл хатта тапсырмалар бар екен. Сол тапсырмаларды орындасақ мына қорап ашылады екен. Қорапта не бар екен? Қәне онда тапсырмаларды орындайық. Балалар тапсыраны орындау үшін топқа бөлінейік. 1-топ. Аққала тобы 2- топ Ақшақар тобы. 1-топ Аққала тобына тапсырма. Суретке қарап әңгіме құрыңдар? «Қыс мезгілі» 2- топ Ақшақар тобына тапсырма. «Қысқы еңбек» суретке әңгіме құраңдар. 2-топқа тапсырма: Қыс мезгілінің сутерін салу. Балаларды мадақтау. Қауіпсіздік ережесі «Керемет жаяу жүргінші кім?» Міндеттері: балалардың жол ережелері туралы білімдерін бекіту (жол белгілері, жаяу	Қызығушылықтарын ояту. -Балалар сендер білесіңдер ме бізге хат тасушы сыйқырлы қорап алып келіпті. Қораптың ішінде не бар екенін көрейікпе? (Қорапты ашады) -Балалар сыйқырлы қораптың ішінде әр түрлі тапсырмалар бар екен. Осы тапсырмаларды орындап көреміз бе? Математика негіздері Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. 1-ші тапсырмамыз сандарды рет ретімен қою. Дид ойын: «Пішіндегі сандар» Шарты: 1-ден 5-ке дейінгі сандарды қойып шығу керек -Балалар қараңдаршы бұл не? Дұрыс айтасыңдар. Қандай пішіндер? -пішіндерде не жазылған? Дұрыс сандар. -Мен қазір сендерге мына пішіндерді таратып беремін. Балалар мен сендерге неше пішіндер бердім? -Енді осы сандар жазылған пішіндерді рет-ретімен қойып шығамыз. 2-тапсырма Құрастыру Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрлі құрылымдылық тәсілдерді қолдану, командалмен бірге	Вариативтік компонент Қызықты логика әлемі Тақырыбы: Логика сыры Балалардың ақыл-ой қабілеттерін тапсырмалар арқылы арттыру. Логикалық тапсырмалар арқылы зейінін дамыту Эксперимент. «Тауып-көр» Мақсаты: Заттардың материалы мен өлшеміне байланысты салмағы болатынын түсінуге көмектесу, зат салмағының оның өлшеміне тәуелділігін анықтау. Қолданылатын материалдар: Бір материалдан жасалған әртүрлі көлемдегі заттар: үлкен және кішкентай доптар, матрешка, машиналар, қапшықтар, бірдей өлшемдегі мөлдір емес жәшіктер. Процесі: Өлшемдері бойынша әр түрлі шарлар. Ненің ұқсас, ненің айырмашылығы бар екенін табу. -Заттың салмағы оның көлеміне және материалына байланысты ма? Барлық ойыншықтарды қорапқа салып, ойыншықтың үлкен немесе кішкентай екенін ұстап сезу арқылы анықтауды	вариативтік компонент. Ұлттық ойын Тақырыбы: «Арқан түйю». «Белбеу соқ» Балаларға ойын түрімен таныстыру. Ұлттық ойындардың сан түрлігін айту. Шапшандылықтарын, ептіліктерін дамыту. Отанын сүйге, құрметтеуге тәрбиелеу Дид ойын: Математика негіздері Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. «Кім тапқыр?» Балаларға логикалық тапсырмалар беріледі. 1. Табақта бір алма, Қолымда екі алма. Барлығын қосқанда, Шығады неше алма? (3) 2. Үш алмұрттың біреуін, Досың сұрап алады. Айтшы сонда нешеуі, Өз қолыңда қалады? (2) 3. Ақ балапан, Сары балапан. Шұбар балапан, Қара балапан. Барлығы неше балапан? (4) 4 Ағашта екі торғай бар еді, оның біреуі ұшып кетті. Ағашта неше торғай қалды? (1)	Эксперимент «Менің добым» Мақсаты: Жеңіл заттардың суда қалқып қана қоймай, сонымен қатар судан «секіріп кетуі» мүмкін екендігі туралы түсінік беру. Тапқырлықты, зейінді, байқағыштықты дамыту. Қолданылатын материалдар: су толтырылған шағын ванна, кішкентай резеңке доп, майлық, қарындаш, қағаз. Процесі: Доппен тығылыспақ ойынын ойнау. - Доп суға батады ма? Балаларды допты қолдарымен ұстап көруді ұсыну. - Ол қандай? (серпімді, жеңіл). Су толтырылған шағын ваннаға допты салу. - Допқа не болды, неге ол батпайды? (Доп қалқып тұрады, ол жеңіл). Балаларға допты ваннаның түбіне дейін батырып, қолдарымен ұстап тұрып, жіберіп қалуды ұсыну. - Допқа не болды? (Ол судың бетінен секіреді). Қорытынды: Доп ауамен толтырылған, ол жеңіл және жеңіл заттар суда

	жүргіншілер өткелі); табандылыққа, зейінділікке тәрбиелеу.	нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау Дид ойын: «Жылжымалы суреттер» Қиылған суреттерді үйдің жанына орналастыру. Бұлт, күн, үй, шөптер, тал, қызғалдақты үйдің сол жағына, көбелекті жоғары, күннің көзіне жаққа, шөптерді төмен жаққа орналастыру. Балаларды мадақтау	ұсыну. Содан кейін ол заттарды қапшыққа салу. Балаларға ауыр немесе жеңіл заттарды алуды ұсыну және оларды қалай тапқанын сұрау. Қорытынды: Егер зат үлкен болса, онда ол ауыр, ал кішкентай болса, жеңіл болады. Жол қауіпсіздігі «Керемет жаяу жүргінші кім?» Міндеттері: балалардың жол ережелері туралы білімдерін бекіту (жол белгілері, жаяу жүргіншілер өткелі); табандылыққа, зейінділікке тәрбиелеу	5. Құста неше тұмсық бар?(1) 6. Адамда неше көз бар?(2) 7. Үшбұрышта неше бұрыш бар?(3) 8. Қоянның неше құлағы бар?(2) Қорытынды. Жарайсыңдар, балалар!	батпайды. Су жеңіл заттарды судың бетінен итереді Өрт қауіпсіздігі «Ойнайтын заттар» Мақсат. Зейінін, ойлауын дамыту; өрт қауіпсіздігі туралы білімдерін бекіту
Балалармен жеке жұмыс	Ерболұлы Әліби, Еламан Нұртас «Тарелкесіне қарай кесесін таңда» Мақсаты: Түстер туралы ұғымдарын кеңейту	Анарбекұлы Әмір Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.	Сәбитқызы Айдина, Тұрланова Айкөркем «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	Аманжан Фарид «Жануарларды өз мекеніне орналастыр» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінін тәрбиелеу, белсенділігін артыру.	Нұрдаулет Ерасыл «Бұл қандай құс?» Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу

Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.</i>				
Серуен	<i>Серуен № 2 «Қарды бақылау»</i>	<i>Серуен № 8 Адамдардың қысқы еңбегі.</i>	<i>Серуен № 6 «Аязды бақылау»</i>	<i>Серуен №15 Қысқы ауа-райын бақылау.</i>	<i>Серуен № 20 Боранды бақылау.</i>
	<i>Өнегелі 15 минут Таңғы серуенді бекіту.</i>				
Балалардың үйгеқайтуы	<i>Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>Ата-анаға: балаға жиі қазақтың ертегілерін оқып беуге ұсыныс айту. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жасаған шығармашылық жұмыстарымен таныстыру.</i>	<i>Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы төлек керек екенін ескерту Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Балаланы балабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.</i>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: МККК «Жолшы» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Еркетай» ересек

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 12.02 – 16.02..2024ж

Апта дәйек сөзі: II-апта «Нұсғармашыл бала-ойлы бала»


Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Менің Қазақстаным» ҚР.Әнұран орындау. Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру Өнегелі 15 минут				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Картотека №10 «Жол әліппесі» Мақсаты: балаларды алдынала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру	Картотека №11 «Әдептілік» Мақсаты: Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету.	Картотека №7 «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу	Картотека №14 «Кімге не керек» Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету	Картотека №18 «Өз мекеніне орналастыр» Мақсаты: Үй жануарларын дала жануарларынан ажырата білуге үйрету.
Таңертенгі жаттығу	Ақпан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау Күйкүмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.				
Таңғыас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. Үнемді тұтыну мақсаты - «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Желмен бірге жайқалған.	Бойыңды сергек тік ұста Емін – еркін тыныста Деміңді ішке тез алда, Сол қолыңды соз алға. Оң қол да бос тұрмасын,	Топ-топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн Жаса, жаса жарқын күн	Бір, екі, үш, Қане, қанат қағамыз. Бір, екі, үш, Қарлығаш боп ұшамыз. Бір, екі, үш,	Жел улейді у-у Құйын келіп билейді зу-зу Қатты, қатты жел соқты зу-зу Жапырақтар қол соқты ду-

		Шеңбер жасап зырласын		Жинап алдық күш.	ду
Білімберууымыны ңкестесібойыншауі ымдастырылған іс-әрекет	Миға шабуыл Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақтарды шешу Қанаты жоқ, ұшады, Аяғы жоқ, жетеді. Аузы жоқ, ұлиды (Боран). Арыстан арқырады, Орман жарқырады (Найзағай). Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады (Жел). Қыста ғана болады, Ұстасаң, қолың тоңады (Қар) Дид ойын: «Табиғат құбылыстары» Шарты: Табиғат құбылыстарына анықтама беру. табиғат құбылыстары – әр маусымда болатын табиғи өзгерістер (жаңбыр, қар, жел, боран, найзағай т.б.). Жыл мезгілдері туралы бейнефильмдер тамашалау. 1 – ші терезені ашу. – Балалар, суреттен нені байқадыңдар? Жазда күн ыстық болады. Жаз бойы балалар демалады. Жаз мезгілінде жеміс-жидектер пісе басайды. Жаз мезгілінде айнала жасыл желекке еніп, әртүрлі гүлге толады. Дид ойын: «Жаз көрінісі» Шарты: А3 форматта жаз мезгілін құрастыру. Сергіту сәті. 1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4 – алақанды соғайық, Оң жаққа бұрылып,	Қызығушылықты ояту -Балалар қараңдаршы менің қолымдағы доптың пішіні қандай? - Дұрыс, ал сендер білесіңдер ме, біз өмір сүріп жатқан жердің пішіні де осындай доп сияқты дөңселек. - Енді экранға назар аударайық. /Жердің бейнесін көрсету/ Дид ойын: «Жер шары» Ойын шарты бойынша мен қолымдағы допты бір балаға лақтырып, «жер шары» деп айтамын қағып алған бала жер шарында кімдер? Нелер? мекедейтінін шапшаң айтып допты кері лақтырады Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Таңертең көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн) -Күн туралы түсінік беру. - Сұрақ – жауап . - Табиғат нешеге бөлінеді? -Тірі табиғат өсіп – өну үшін не керек? - Жарық, жылу, су, ауа. –Олар жылуды қайдан алады. --Күннің пішіні қандай? –Күннің шуағы деген не? Шығармашылық бұрыш. Ұжымдық жұмыс. Үлкен форматта салынған дөңселекке күннің шуағын жапсыру. Тақпақ жаттау. «Күн»	Ғажайып сәт: Ақ көгершін ұшып келеді. Сәлеметсіз бе балалар? Мені табиғат-ана жіберді. Балалар мен балапандарыма асығып бара жатырмын сау болыңыздар! Бала үні. Табиғат ананың хатын оқу. Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар сендер «Өлі және тірі табиғатты» жайлы білесіңдер ме? Сендердің білімдеріңді тексергім келін хат жолдадым, өзімде аз уақыттан соң барамын. Табиғат ананың тапсырмасын орындау Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс. - Балалар табиғат дегеніміз не? - Табиғат нешеге бөлінеді? Өлі және тірі табиғаттың бір-бірінен айырмашылығы неде? 4.Ой қозғау Дид ойын: «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?» - Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу - Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау - Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту	Қызығушылықтарын ояту. Телефон шырылдау. -Сәлеметсіздер ма? Мен Дымбілмеспін, маған көмек керек. -Мен сендерге гүлдерді жібердім, бұл жай гүл емес, сиқырлы гүл, ішінде бірнеше маған қойылған сұрақтар бар мен сол сұрақтардың жауабын қанша ойлансамда таба алмай келемін, маған көмектесіңдерші балалар? -Жарайды Дымбілмес -Біздің балалар өз білгендерімен көмектеседі. Миға шабуыл. Дид ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: жасырған жұмбақты шешу. 1. Бір зат бар дүниеде құшағы кең Ұшқан құс, жүйріген оқ бәріне тең Адамзат, жан жануар соның арқасында Мәңгілік өсіп өнеген. (Жер) 2. Таңмен көзін ашады Әлем нұрын шашады(Күн) -Балалар адамдар күннің жарығы және жылуынсыз өмір сүре алама? -Ал жануарлар мен өсімдіктер ше?	Қызығушылықты ояту. Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Табиғаттың сәні, Таза ауаның нәрі. Көрік берген далама, Білер оны бар бала. (Ағаштар) Сұрақ – жауап. Ой қозғау. Ағаштар және орман туралы түсінік беру. - Сұрақ – жауап. -Қазір қандай мезгіл? -Ағаштарда қандай өзгерістер болып жатыр? -Ағаштар бізге не үшін қажет? -Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді? -Неге ну орман дейміз? Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Биік болып өседі. - Балалар, бүгін біз табиғат туралы әңгімелесеміз. Бізді қоршаған орта: жан- жануарлар мен өсімдіктер. Жер мен Ай, Күн, алыстағы жұлдыздар – осылардың барлығы табиғат деген ұғымды білдіреді. Табиғат тірі табиғат және өлі табиғат болып

	Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. 2 – іші терезені ашу. Күз туралы бейнефильмді тамашалау. Күзде күн суыта бастайды. Күз мезгілінде жаңбыр жиі жауады. Күзде ағаштардың жапырақтары сарғаяды. Күзде егін піседі. Егінді адамдар жинайды. Күзде барлық жеміс-жидектер пісіп, жерге түседі. Жан-жануарлар да қысқа азық жинайды. Дид ойын: «Тиінге саңырауқұлақ сыйлаймыз» Шарты: Ермексازдан саңырауқұлақ мүсіндеу. 3 – іші терезені ашу. Көктем туралы бейнефильмді тамашалау. – Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылысы болады? Көктемде күн жылына бастайды. Қар еріп жылғалардан су ағады. Жыл құстары өз мекендеріне ұшып келе бастайды. Келе сала ұя салып, балапан басып шығарады. Ағаш бұтақтары бүршік жарады. Құрт-құмырсқа, аралар оянады. – Күн күркіреп, жаңбыр жауады. Дид ойын: «Бүршік жарған ағаштар» Шарты: Дайын ағаш макетіне жасыл ермексازдан бүршік жапсыру. 4 – іші терезені ашу. Қыс туралы бейнефильмді	Қандай көркем қысқы күн Аралап жүріп бұлттарды, Жайлап сеуіп ол нұрын Жарқыратар ақ қарды. /Экранда табиғат суреті бейнеленген/ Балаларға табиғат туралы әңгімелеу. Жан-жануар, құстар, жеміс-жидектер туралы әңгімелеу Тыныштық сәті: Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау. Тәрбиеші: Балалар не естідіңдер? Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар? Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады. Ой қозғау. Дид ойын: «Өлі және тірі табиғат» Шарты: Өлі және тірі табиғатты құрастыру, сипаттама беру. Балаларды топқа бөлу. 1-топ Тірі табиғатты жасыл параққа жапсыру. 2-топ Өлі табиғатты құрастыру. Қорытынды. Сұрақтар ілмегі. Қоршаған ортаны қалай қорғауымыз керек екен? Балалардың жауаптары. Мадақтау. Ұ:О . «Асық ату» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Бір тұтас тәрбие»	– Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз? – Құстарға қалай көмектесеміз? Сергіту сәті. «Құм, тас, су». «Құм» дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру. «Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу. Су дегенде толқын жасап қалу. Дид ойын: «Өлі және тірі табиғат» Суреттен тірі табиғатты жасыл, өлі табиғатты қызылмен бояу Көгілдір экраннан Табиғат ана шығады. Топтық жұмыс Сендердің қамқорлықтарыңызды көріп риза болып тұрмын. Өте ақылды балалар екенсіңдер. Табиғатты өте жақсы көреді екенсіңдер . Мен сендерген сыйлық әкелдім. Ал енді мен өз табиғат әлеміне әрі қарай сапар шегейін сау болыңыздар. Табиғат анамен қоштасу Шапалақ әдісі. Рефлексия Балаларды мадақтау. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы)	– Әрине жоқ жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне сәуле, жарық, жылу өте қажет балалар. 3. Дәміде жоқ, түсіде жоқ Пайдаланбас кісінде жоқ. Су 4. Бір нәрсе жермен көктің арасында Көрмейді өзі түгіл қарасыда Білінбей жер бетінде жүрсе дағы Пайдалы адамзаттың баласына (ауа) Ой қозғау. АҚТ технол Табиғат құбылыстары туралы Видео ролик көрсету. Балалардан адамдардың табиғатты бақылауы не үшін қажет екендігі туралы түсіндіру. Табиғат туралы түсінік беру. (жер, су, ауа, өсімдікт ер, құстар, жануарлар т.б.) – Тірі және өлі табиғат туралы түсіндіру. Табиғат нешеге бөлінеді? Күн неге жарқырайды? Кемпірқосақ қай мезгілде пайда болады? Өсімдіктің тіршілігі үшін не қажет? Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен болып өседі. Дид ойын: «Топтастыр»	екіге бөлінеді Дид ойын: «Жалғасын тап» Жансыз табиғат - Жанды табиғат - Жанды табиғат жансыз табиғатсыз (тіршілікете алмайды) Дид ойын: «Экологиялық бағдаршам» Экологиялық жүйені бұзбау керек, яғни тыйым салатын белгілер, ұяларды, құмырсқаның илеуін бұзбауға, өрмекшінің торын бұзбауға, жәндіктерді аулауға тыйым салынғанына итады. Адам орманның қонағы болып табылады және ол қонаққа барғанда қожа жайынның үйін бүлдірмей, өзінің тұрғын үсіне ережелері қажет екенін есте ұстауы тиіс. Шығармашылық бұрыш Еркін тақырыпта жұмыс. Балаларды мадақтау.
--	---	--	---	--	---

	тамашалау. – Ал, қыста қандай құбылыс болады? Қыста күн суық болады. Қар жиі жауады. Ағаштардың бұтақтарын қар басып, бұтақтар иіліп тұрады. Айнала аппақ қарға оранады. Боран соғып, үскірік аяз болады. Аюлар апанында ұйқыға жатады. Өзендер мен көлдердің бетіне қалың мұз басады. – Қар жауады Дид ойын: «Суретші қыс» Шарты: Дәстүрден тыс май шаммен сурет салу. Барысы: Ақ қағазға майшаммен сурет салу, үстін көк бояумен бояу. Дид ойын: «Бұл қай кезде болады?» Шарты: Бөлмеде жыл мезгілдері бейнеленген орманның макеті тұр. Осы макетте төрт мезгілдің өзіне тән белгілері шатастырылып қойылған. Сол қатені түзеулері керек. Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау Балаларды мадақтау. Ұ:О . «Күш сынасу» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Бір тұтас тәрбие»бағдарламасы	бағдарламасы)			Шарты: Тірі және өлі табиғат заттарын сурет арқылы топтастырып жинау. Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Өлі табиғатқа жататын заттардың бөлігін құрастырып, жапсыру. 2-топ: Қорапты жасылға бояу. Тірі табиғат заттарының жасыл қорапқа салу. Қорытынды. Дид ойын: «Шатастырма» 1. Көктемде қар жауады. 2. Қазір жаз мезгілі? 3. Көктемде қар ериді? 4.Қыста жапырақтар сарғаяды? 5. Жыл мезгілдері: қыс,көктем,жаз,күз. 6.Жаз ең суық жыл мезгілі 7.Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді? 8.Жазда балалар оқиды? Балаларды мадақтау	
Серуенгедайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.					
Серуен	Картотека № 5 Қар жауып тұрған құбылысты	Картотека № 7 Қыстап қалатын	Картотека № 8 Адамдардың қысқы еңбегі.	Картотека № 10 Мұзды бақылау.	Картотека № 12 Бұлтты бақылау.	

	бақылау.	құстарды бақылау.			
Серуенненоралу	Еңбегі адал жс өрен-Мақсаты өзіне-өзі қызмет жасау. Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскіас	Үнемді тұтыну мақсаты -«Суды үнемді пайдалану,шашпай жуыну». Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жезді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгіұйқы	Үнемді тұтыну мақсаты Суды үнемді пайдаланып,жуыну ережесін түсіндіру.				
Біртін-діп ұйқыдан ояту, сауықты рушаралары	№4 Майтабанның алдын алу. Тырысамыз, тырысамыз Денсаулықты нығайтамыз Аяқ, қол мықты болып Май табаннан арыламыз. Арнай жолдармен жүру, оымқыл жолмен жүру.	№ 5 Арқанын қалтын сақтауға арналған жаттығулар. Ояту Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақ ұрайық Орнымыздан тұрайық.	№ 6 Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Тыныс алу жаттығулары Ұзын құлақ сұр қоян Ести қалып сыбырды Өсіп тұрған сәбізді Жұлып алып иіскеді.	№7 Майтабанның алдын алу. Ояту Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.	№10 Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Мысықтар Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарап Достарымызға күлеміз.
	Еңбегі адал жас өрен «өз-өзіне қызмет жасау.Ұйқы ашар жаттығу картатекасын үнемді тұтыну мақсаты Суды үнемді пайдаланып,жуыну ережесін түсіндіру. Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесінас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, Бейнелеуәрекеті ,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	Аралар әлемі Қызығушылықты ояту. Дид ойын «Кім тапқыр» Гүлдерге қонады Шырынын сорады Түр – түсі сары – ала Бұл не? Балалардың жауаптары. Тосын сәт. Ара ұшып келеді. Балалардан көмек сұрайды. Достарым жоқ,маған достар керек дейді. балалар көмектесеміз ба? 2-топқа бөлу.	Қызығушылықтарын ояту. Топқа қозы келеді. Балалармен амандасады. Балалар қошақан неге көңілсіз деп ойлайсыңдар? Балалар қозы айтады, менде дос жоқ,жалғыз ойнағым келмейді дейді. Олай болса біз оған дос табуға көмектесейік. Қағаздан бірнеше қошақан құрастырайық. Келісесіңдер ме? Балалардың жауаптары. Топқа бөлу.	Қызығушылықтаын ояту. Тосын сәт. Тауық келеді. Балалар тауықпен амандасады. Балалар қонаққа келген тауық өте мазасызданып тұр, не болғанын тауықтан сұрап көрейік. (балалардың назарын тауыққа аударады.) –Балалар тауық бізге келе жатып балапандарынан адасып қалыпты, тауықтың балапандарын табуға көмектесеміз бе?	Дид ойын: «Ормандағы түлкі» Миға шабул. Жұмбақ жасыру. Өзі қу, Жүрген жері айқай-шу. (Түлкі) Тосын сәт. Түлкі келеді. Балалармен амандасады. Көңілсіз. Орманда жалғыз қалған.Көп дос керек екенін айтады. Балалар түлкіге	Тосын сәт топқа құтың құшып келуі. Балалар мына құс неге шырылдап ұшып жүр. Біз оған қандай көмек бере аламыз. Миға шабул. Жұмбақ жасыру. Тал басында тамаша үй (ұя) Жарайсыңдар балалар, осы ұяда нелер мекендейді? Құстарға ұя не үшін қажет? Топқа бөлу. 1-топ түрлі түсті

1-топ дайын үлгідегі араны қиып жапсыраады.  2-топ.дөңгелек картоннан ара жапсырады.  Қорытынды. Балалардың жасаған жұмыстарын қорытындылау. Галерия шарлау әдісі. Екі топ бі-бірінің жұмыстарына баға береді.. Ара қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады. Өрт қауіпсіздігі. «Ретімен орналастыр» Мақсаты: Балалардың өрт сөндіру тәртібі туралы білімдерін жетілдіру	 1-топ қозының сұлбасын бастырып сызып, қағазды жырту әдісі арқылы үстіндегі жүнін жапсырады. 2-топ қозының сұлбасының үстіне клей жағып, мақтаны қозының үстіне жапсырады.  Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету. Галерея шаралау. Бір бірінің жұмыстарын бағалау. Жасаған жұмыстарын қозыға беру. Қозы қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады. Жол қауіпсіздігі «Жол ережелері» Міндеттері: жол белгісінің негіздерін бекіту; негізгі жол белгілерімен, олардың жіктелуімен, тағайындалуымен таныстыру; зейінді,	Топқа бөлу. Тауық, балапан суреті арқылы топқа бөлу.  1-топ тауық тобы балапанды сары гуашпен бояйды. 2-топ балапанды саусақ арқылы бояйды. 3-топ. балапан сұлбасын дән арқылы беру.   Балалардң жұмысын бақылау. Тауыққа балапандарды сыйлау. Қорытынды. Балалардың жұмысын қорытындылау. Вариативтік компонент Тақырыбы «Ойлан тап» Мақсаты: Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту,	көмектесеміз бе? Топқа бөлу. 1-топ түлкіні конус жасау арқылы жапсырады.  2-топ түлкіні геометриялық пішіндерден қиып жапсырады.  Көрме ұйымдастыру. Түлкі достары көп болғанына қуанып рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау. Вариативтік компонент Тақырыбы Салт аттылар Мақсаты: Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту.Балаларды ептілікке арттыру.	қағаздан ұя жапсырады 2-топ тарелкі ішіне түрлі түсті қағазды қиып жапсырады.  Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету. Қорытынды. Сұрақтар қою.
---	---	---	--	--

		есте сақтауды, ойлауды дамытуға ықпал ету.	тапқырлығын арттыру Қауіпсіздік ережелері. «Бағдаршам не дейді?» Мақсаты: Бағдаршам көздерінің түстерімен таныстыра отырып, оның беретін белгілері туралы түсінік беру және ол белгілер бойынша жүргіншілердің іс - әрекеттерімен таныстыру, бекіту.		
Балалармен Жеке жұмыс	«Қуыр-қуыр, қуырмаш» саусақ ойыны: Мақсаты: саусақ қимылын жетілдіру, үлкендерден кейін қайталап айтуға үйрету	Мнемокасте арқылы тақпақ жаттау. «Кішкентай бала» Мен кішкентай баламын Кітап оқи аламын. Дәптер, қалам, сызғышты Сөмкеме өзім саламын.	сюжетті – рөлді ойын. «Қонақ күтеміз» Ойын барысы. Балалар екі топқа бөлінеді. 1 топ «қонақтар», 2 топ «үй иелері»	Шығармашылық саласы Балаларға ермексаз тарату, өз еркінмен мүсіндеу. Шығармашылық саласы Балаларға ермексаз тарату, өз еркінмен мүсіндеу.	Дид ойын: «Ұяшыққа орналастыр» Мақсаты: екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшығына орналастыруға үйрету, ойлауын дамыту, қол қимылын жетілдіру
Серуенге дайындық	«Еңбегі адал жасөрен»-баланы еңбекке баулу, өз-өзіне қызмет етуге үйрену. Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Карточка № 5 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.	Карточка № 7 Қыстап қалатын құстарды бақылау.	Карточка № 8 Адамдардың қысқы еңбегі.	Карточка № 10 Мұзды бақылау.	Карточка № 12 Бұлтты бақылау.
	Таңғы серуенді бекіту. Өнегелі 15-минут, қауіпсіздік ережесі ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу				
Балалардың Үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.	Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балабақшаға уақытында әкеулерін	Ойын бұрышына жинақылық жасау. Дидактикалық ойын: «Неге	Топ бөлмесіне жинақылық жасау. Дидактикалық ойын: «Орнын тауып бер»	Ата – анамен әңгіме. Баланы үйге шығарып салу.

	<i>Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу</i>	<i>ескерту. Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.</i>	<i>керек?» Ата – анамен әңгіме. Баланы үйге шығарып салу.</i>	<i>Мен үйге барамын.</i>	<i>Демалыс күндері жайлы әңгімелеу. Тазалық туралы ескерту. Сау болыңыз.</i>
--	---	---	---	--------------------------	--



Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Топ: Ересек «Еркіндік»
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 23.02.2024ж

Апта дәйек сөзі: «Өнерлі бала өрге жүзер» III-апта.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Менің Қазақстаным» ҚР.Әнұран орындау. <i>Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру Өнегелі 15 минут				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Картотека №3 «Жануарларға қамқор боламыз» Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту.	Картотека №4 «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Балаларға құстар туралы білім беру, білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.	Картотека №10 «Жол әліппесі» Мақсаты: балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру, жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.	Картотека №14 «Кімге не керек» Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету	Картотека №17 «Әдемі гүл» Ойынның мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан				
Таңертенгі жаттығу	Күйкүмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру <i>Ақпан айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</i> Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. Үнемді тұтыну-«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	Отбасында гүліміз, Көңілді өтер күніміз.	Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық.	Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын.	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік!	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік!

дайындық	«Қайырлы таң!» деп айтамыз, Бір болып кеште қайтамыз.	Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық	Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.	Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!	Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Білімберууіымыны ңкестесібойыншауі ымдастырылған іс-әрекет	Ой қозғау. - Балалар, саяхатқа шығып әлемді шарлаған ұнай ма? Саяхатты хабарлау. - Олай болса бәріміз кемеге отырып теңізге саяхатқа шығуға дайындалайық. Ол үшін кеме құрастырып алуымыз керек. Дид ойын: «Кеме» Шарты: Геометриялық пішіндерден кеме құрастыру. Мен кеме капитаны боламын, ал сендер зерттеуші боласыңдар. Қане, өз орындарыңа жайғасыңдар. Ал балалар көңілімізді көтеріп ән салып барайық. Алыс – алыс елдерге, Орман, тоғай көлдерге Саяхаттап барамыз Теңіз түбін көруге - Балалар қараңдаршы! Белгісіз аралға келіптіз, жан-жағымызға қарайықшы, аралды толқыған су қоршап жатыр, енді осы аралға түсіп көрейік. Таңғажайып сәт Сандықша тауып алу. - Бұл негізгі сандықша екен, ішінде не бар, ашып көрейік. Қараңдар, балалар, сандықта кітап бар екен. Кітаптың іші толы жұмбақтар жауабын тауып көреміз бе? Миза шабуыл Жұмбақты шешу:	Қызығушылықты ояту. Білмесбек қонаққа келеді. Столда – ұшқан қарлығаштың суреті. Ол балалар мынау қандай әдемі балық! Балалар. Жоқ, Білмесбек бұл балық емес, құс – қарлығаш. Қалай ол балыққа ұқсайды ғо. Қараңдаршы: құйрығы, желбезектері... (қанаттарын көрсетеді), бұл нағыз балық. Балалар. Жоқ, Білмесбек қателесесің. Онда мен құстарды балықтан ажыратуды ешқашан үйренбей келем. Ал сендердің қарлығаштарың балыққа ұқсайды. Мүмкін сендер бәрің қателескен шығарсыңдар? Мен мұндай балықты аквариумда көрдім - скаляр деп аталады. Тәрбиеуші. Балалар, Білмесбекке балықты тани білуге, басқа жануарлармен шатастырмауға үйретейік. Ой дамыту. Дид ойын: «Бөлігін тап» Шарты: Балықтардың бөлігін тауып құрастыру. Міне, Білмесбек қарашы. Мына жерде қаншама балықтың суреттері шықты. Балалар, мұнда қандай балықтар бейнеленгенін айтайық.	Менің сүйікті бұрышым Ертегілер еліне саяхат бұрышы. Алтын балық ертегісін түсіндіру. Тосын сәт. Хат келу, оқу. Құрметті балалар мен алтын балықпын маған көмек керек. Байқаусызда теңізге құлап, үйіне аквариумына дейін өздігінен жүзе алмайтын алтын балық бізге бізден көмек сұрайды. Біз оған көмектесуге тырысуымыз керек. Балалар, біз су патшалығына саяхатқа барамыз ба? Сендер ертегіні тыңдадыңдар, онда алтын балық тілекті орындайды, бірақ біздің саяхатымызда біз керісінше басқа алтын балыққа көмектесеміз. - Біздің балықтардың үйіне жүзіп келуіне көмектесетін бірнеше тапсырмаларды орындауымыз керек. 1- тапсырма: Дид ойын: «Не қайда тұрады?» Шарты: Балық бейнеленген суреттерге қарап, теңіз, өзен, аквариум, балалар суреттерді дұрыс орналастырып, өз мекеніне жапсыру керек.	Қызығушылықты ояту. (Үстелде пазлдар жатыр) Балалар бізге біреу тапсырма әкеп тастаған сияқты. Бұл не деп ойлайсыңдар? (Балалардың жауаптары) Әрине, бұл жұмбақтар, оларды құрастыру керек. Дид ойын: «Кім жылдам?» Шарты: Қиылған суреттерді құрастырып шығару. Иә, дұрыс, бұл балық. Демек бүгін біз балық туралы сөйлесетін боламыз. Ой қозғау. 1-тапсырма: Балықтар қайда мекендейді? Дұрыс, өзенде, теңізде, көлде, тоғанда, мұхитта. Олар құрлықта өмір сүре ала ма? Жоқ деп ойлайсыз ба? Неліктен балық тек суда өмір сүре алатынын қараймыз. АҚТ технологиясымен жұмыс. Аквариумдағы балықтарды бақылау. Қараңдаршы, балалар, біздің балықтар аквариумда қандай тез, тез жүзеді. Балалар, балыққа қараңдаршы, қандай	Қызығушылықты ояту Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ шешу 1. Жер бетінде бір шықпас, Су түбінде тұншықпас Сөйлемейді, үндемейді. Пісірсе оны кім жемейді. (Балық) 2. Аузы бар, тілі жоқ, Терісі бар, жүні жоқ. Қанаты бар ұшпайды, Су астында қыстайды. (Балық) Ой дамыту АҚТ технологиясымен жұмыс -Балықтар тек суда ғана тіршілік етеді, сондықтан олардың дене пішіні мекен ететін орны мен тіршілік жағдайларына байланысты алуан түрлі болып келеді. Балықтың пайдасы? -Балықтың мойынан қажетті бірнеше түрлі дәрумендер алынады. -Қабыршағынан інжу жасалады. -Мойынан ыстыққа төзімді бояулар дайындалады. -Акула терісінен егеу дайындалады. -Акула бауырынан дәрі жасалады. -Балықты қолдану арқылы бауыр ауруларының алдын

	1. Суда өседі, өнеді, Сыртқа шықса өледі. (балық) 2. Өзі алып кемедей, Дауылдан ықпайды. Су малып телегей, Мұхиттан шықпайды. (кит) 3. Асты тас, үсті тас, Ортасында жанды бас. (тасбақа) 4. Адамдардың досы, Сүйкімді де өзі. Балыққа өзі жатпайды, Бірақ сумен ойнайды. (дельфин) Қызығушылықты ояту. Бәріміз көзімізді жұмып, теңіздің түбіне түсіп, көз алдымызға теңіз түбін елестетіп көрейік. - Балалар, қараңдаршы, мынау қай теңіз жануары? - Ия, дельфиндер кейде тұмсығымен соғып, акуланы да өлтіріп қоятын кездері болады. Акуланың өзі де дельфиннен қорқатын сәттері жиі кездеседі. - Дельфин туралы не білесіңдер? - Дельфин эмоцияға толы көңілді, әзілкеш, топтасып өмір сүретін тіршілік иесі және өте ақылды, адамдардың досы. - Акуланың түрлері өте көп. Барлық теңіздер мен мұхиттарда кең тараған, оның көру қабілеті жақсы жетілмеген, ал иіс сезу қабілеті өте жақсы. - Мынау теңізді мекендейтін қай жәндік? - Балалар сегізаяқ су астында баяу қозғалады. Бір қызығы сегізаяқтың аузын жоғары	Оо, олар қандай әртүрлі. Тәрбиеші. Дұрыс, Білмесбек, балықтың бәрі әртүрлі екенін байқадың. Бірақ олардың барлығы қалай ұқсас? Барлығын ретімен айтайық. Біріншіден, денесінің пішіні туралы. Ой қозғау. Балықтардың дене пішіні қандай? Неліктен бұл пішін пайдалы? (Балалардың жауаптары). Тәрбиеші. Балықтың дене пішіні реттелген - жүзуге ыңғайлы. Балықтар немен тыныс алады? Неліктен балықтардың мұрны жоқ? Неліктен олар желбезекпен тыныс алады? Тәрбиеші. Балықтардың тыныс алу жүйесі мүлдем басқа, өйткені олар суда өмір сүреді және олар желбезек арқылы судан ауаны «таңдайды». Білмесбек: Неліктен балықтардың қанаттары бар? Тәрбиеші. Қанаттар балықтардың қайық ескектеріндей жүзуіне көмектеседі. Ал құйрық көліктің рулы сияқты бағытты сақтауға көмектеседі. Білмесбек: Мәссаған! Қалай қызықты! Балықта басқа жануарларда жоқ тағы не бар? Тәрбиеші. Тіпті балықтың да	Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, тапсырманы орындадық, осы уақытта сіздердің көмектеріңізбен алтын балық аквариумға дұрыс жол тауып, өз үйіне қарай жүзіп келеді. -Бірақ балыққа өз үйіне кіргенше көмектесу үшін мына тапсырманы орындауымыз керек. Қазір біз ойын ойнаймыз, Дид ойын: «Балық туралы не білеміз» деп аталады. -Балықтар қайда мекендейді? (аквариумда, тоғанда, өзенде, көлде, теңізде) Балықтың денесі немен жабылған? (қабыршақпен) Балықтар суда қалай қозғалады? (қанаттар мен құйрықты пайдалану арқылы) Балықтар немен тыныс алады? (желбезекпен) Теңізде тіршілік ететін балықтар қалай аталады? (теңіз балықтары) Тұщы суда тіршілік ететін балықтар қалай аталады? (тұщы су) Аквариумда тіршілік ететін балықтар қалай аталады? (аквариум) Балықтың жануарлардан қандай айырмашылығы бар? (жерде қозғала алмайды, табандары жоқ) - Адамдар балықты қалай ұстайды? (торлар, қармақ)	ерекшелікті байқадыңдар? Балалар: Ол жүзеді, аузын үнемі ашып-жабады. Бұл неліктен болып жатыр деп ойлайсыз? Балалар: Оның қарны ашты ма? Дид ойын: «Балықты тамақтандырайық» Шарты: Ермексазды пайдаланып, балықтарға жем жасау. Біз балықты қоректендірдік, бірақ ештеңе өзгерген жоқ. Тамақтандырғаннан кейін ол қайтадан аузын ашады және жабады. Неге деп ойлайсыңдар? Балықтар да біз сияқты өмір сүру үшін тыныс алуы керек. Ол осылай дем алады. Ал балықтар немен және қалай тыныс алады, қалай ойлайсыңдар? Бұл сұраққа жауап беруге шағын тәжірибе көмектеседі. Мұқият қараймыз.  Аквариумға компрессорды қосады. Қалай ойлайсыңдар, бұл судағы не көпіршіктер? Бұл ауа көпіршіктері, құрамында оттегі бар, балық онымен	алуға болады. Аквариумдағы балық күтімі. Аквариумды күн сайын ұқыпты түрде күту керек, Алдымен аквариумға су құямыз, сосын түбіне құм себеміз. Енді аквар-иум өсімдіктерін отырғызу. Саусағымызбен үңгір қазып алып, оған өсімдіктің тамырын бекітеміз. Балықтарға ыңғай-лы мекен қалыптастыру үшін, аквариумға балықтарды жібе-реміз. Күн сайын аквариумға назар салып қараған дұрыс. Балықтар теңселмей бірқалып-ты жүзеді, денесінде ешбір дақ болмайды. Тамақты таңертең және кешке берген дұрыс. Сергіту сәті: Әуенмен «Балықтар» биін билейді. Күтім түрлері Кезеңдік күтім: Аквариумдағы өсімдіктерді күтіп, суды ауыстырып отыру кезеңдік күтімге жатады. Мерзімдік күтім: Көктем мен күзде жасалуы. Көктемде жарық бергіш құрал мен жылытқыш құралдың күшін төмендетіп, құралдарды жуып тазалап, ескі өсімдіктерді жоямыз. Ал күзде аквариумды қысқы тәртіпке ауыстырамыз.
--	---	--	--	--	--

	қаратып, қармалауыштарын төмен салбыратса, ол дереу ұйқыға батады. - Сегізаяқтар немен қоректенеді? - Балалар, сендер өздеріңе таныс жануарлар мен жәндіктерді танып, атын атадыңдар. - Су астында тағы да көптеген жәндіктер кездеседі - теңіз тасбақасы, теңіз аты, медуза, теңіз шаяны. Олар туралы келесі жолы танысамыз. - Ал, балалар, сендер шаршаған шығарсыңдар, бойларымызды сергітіп, жаттығу жасап алайық. Сергіту сәті: Балық жүзді таза суда, Бір керіліп, бір жиырылып. Жүзіп, жүзіп шаршағанда, Тығылады тасты құмға. Проблемалық сұрақ. - Балалар, ластанған суда тіршілік болады ма? - Неге? - Сен қалай ойлайсың? - деп бірнеше балаларға сұрақ қояды. — Ал, олар сөйлей алса, бізге не айтады екен? - Суды ластамаңдаршы. - Суға қоқыс тастамаңдаршы - Машиналарды келіп судың жағасына жумаңдаршы. - Ау-қармақ дегенді бейберекет сала бермеңдерші. - Бізге жиі қамқор болыңдаршы - Табиғатты үнемі аялап күтіңіздерші. Жарайсыңдар балалар! Енді осы	барлық жануарлардан айырмашылығы бар. Жануарлар жүн бар, құстар да қауырсын бар, балықта қабыршақ бар. Балықтың денесі немен жабылған? Қабыршақпен. Тәрбиеші. Балалар, балықтардың бір-бірінен айырмашылығы неде? (Түсі, пішіні, өлшемі, әдеттері, тамақтануы.) Балықтар неліктен әртүрлі деп ойлайсыңдар? Тәрбиеші. Дұрыс, бояу балықтарды жыртықштардан жасыруға көмектеседі. АҚТ технол жұмыс Қараңдаршы, камбаланың теңіз түбіне қандай ақылды тығылғанын, тіпті көре алмайсың. Ал түрлі-түсті маржан балықтары тропикалық теңіздердің маржандары мен балдырларында мүлдем көрінбейді. Балалар, барлық балықтар сусыз өмір сүре алмайды. Олардың тіршілік ету ортасы бірдей, тек тұщы суда тіршілік ететін өзен балықтары мен тұзды теңіз суында тіршілік ететін теңіз балықтары ғана ерекшеленеді. Білмесбек: Енді мен балықты ешқашан шатастырмаймын. Енді «Балық аулау» ойынын ойнайық. Шарты: Ойыншылар екі	Балық аулайтын адамды қалай атайды? (балықшы) Тәрбиеші: сендер балық туралы көп білесіңдер, жақсы жұмыс жасадыңдар, алтын балық үйіне жақынырақ жүзіп кетті. Сергіту сәті. Музыкамен Тәрбиеші: Барлығы жылынып, демалды, ал енді балалар, сендерге тағы бір тапсырма бар. Дид ойын: «Суретті жина» Шарты: бөлінген суреттерді құрастыру керек. - Жарайсыңдар, барлығы орындады, алтын балық біздің көмегіміз үшін өте риза, бірақ біз саяхатымыздағы соңғы тапсырманы орындауымыз керек. Біз сендермен шағын тәжірибе жасаймыз. Дид ойын: «Алтын балық» Шарты: Бояулардың көмегімен ақ балықты «алтынға» айналдыру. Практикалық жұмыс. Балалар сызбалары бар парақтарды түсті суға түсіреді, педагог балалардың мұқият жұмыс істеуі үшін бақылайды. Қажет болған жағдайда жеке көмек көрсету. Тәрбиеші: бүгін біз жақсы жұмыс жасап, алтын балыққа көмектестік.	тыныс алады. Балықтың тыныс алуына не көмектеседі? Балалар: Оның мұрны жоқ Мұрын қызметін басқа мүшелер атқарады. Ол суды жұтады екен, ал желбезектер (желбезектерді көрсетеді) судан оттегін алады, содан кейін қалған су желбезек қақпақтары арқылы шығады (көрсету). Балық жағаға шығып қалса не болар еді? (Балалардың жауаптары) Дұрыс, ол өледі. Балықтар тек суда ғана өмір сүре алады. Дид ойын: «Балық сөзінің белгілерін теру» 1-нұсқа: әдемі, тамаша, епті, жылдам айла... 2-нұсқа: балық, балықшы, Балықшы деген кім? Дұрыс, бұл балық аулайтын адам. «Балық» деп қашан айта аламыз? Дұрыс, балық сорпасы. Ал олар немен балық аулайды? Иә, қармақпен, тормен. Сергіту сәті: Музыкамен. Ал енді біз балықшылармыз деп елестетейік (қозғалыстарға еліктеу) Балықтар жүзіп жүр (қолдарын дене бойымен төмен түсіріп, шеңбер	Балықтардың көбеюі: Балықтар уылдырық арқылы көбейеді. Уылдырықты көп шашатын балықтар – сазан, шортан, көксерке. Балықтарды тағам ретінде пайдалану жолдары: балықтың пайдасы өте көп. Одан көптеген тамақ түрлерін жасауға болады. Қуырып жеуге , балық сорпасын пісіруге, салаттар жасауға болады. Кейбір балықтарды консерві түрінде де шығарады Қортынды Сұрақ-жауап Балалрды мадақтау.
--	---	---	---	---	---

Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. Еңбегі адал жас өрен-мақсаты:Өзіне-өзі қызмет көрсету				
Серуен	Серуен № 17 Ауа райын бақылау.	Серуен № 18 Күннің көзін бақылау.	Серуен № 12 Аула сытырушы еңбегін бақылау.	Серуен № 11 Құстарды бақылау.	Серуен № 10 Күнді бақылау.
	Көктем серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскіас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жесуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгіұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қояды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау Еңбегі адал жас өрен- «Өз-өзіне қызмет жасау».Ұйқы ашар жаттығу картатекасы. Үнемді тұтыну мақсаты:Судыүнемді пайдаланып,жуыну ережелерін түсіндіру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№ 3 «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз.	№4. Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды Бес дегенде секір көрсет	№5. "Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол	№6. арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - арқамен жатып қолдарын	№7. «Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай

	«Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз, - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз. - «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.	бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.	жсаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту. 3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау	бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау	көтереді. - Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. «Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.
Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан					
Бесінас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру Бұрыштарым жоқ менің, Дөңгелекте емеспін, Ұқсаймын мен денеге Кім табады, бұл не? (Сопақша) Үш төбесі бар көрінген Үш бұрышы мен үш беті Жауабын кім шешеді? (Үшбұрыш) Әр жұмбақты шешкен сайын жауабы болатын геометриялық пішінді тақтаға іліп, балаларға сұрақтар қойылады. -Сопақша, үшбұрыш туралы не білесіңдер? -Дөңгелектен айырмашылығы? -Сопақша, дөңгелек неге ұқсайды? Қауіпсіздік ережелері. Тақырыбы: «Жедел жәрдем» Мақсаты: Қажет болса, балаларды жедел медициналық көмекке	Санамақ 1-дегенім бесік Шықтым содан өсіп. 2-дегенім елім Өзен, тауым, көлім. 3-дегенім үміт. Үміт артар жігіт. 4-дегенім төзім. Төзе білем өзім. 5-дегенім бақыт . Бағалайтын уақыт. «Пішінді құрастыр» Шарты: Балалардың алдына әр түрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек.	«Кім тапқыр?» Балаларға логикалық тапсырмалар беріледі. 1. Табақта бір алма, Қолымда екі алма. Барлығын қосқанда, Шығады неше алма? (3) 2. Үш алмұрттың біреуін, Досың сұрап алады. Айтшы сонда нешеуі, Өз қолыңда қалады? (2) 3. Ақ балапан, Сары балапан. Шұбар балапан, Қара балапан. Барлығы неше балапан? (4) 4 Ағашта екі торғай бар еді, оның біреуі ұшып кетті. Ағашта неше торғай қалды? (1) 5. Құста неше тұмсық бар?(1) 6. Адамда неше көз бар?(2) 7. Үшбұрышта неше бұрыш бар?(3) 8. Қоянның неше құлағы бар?(2)	Дид ойын: «Жол картасын бейнеле» (үлкен көлемде жайылған жасыл немесе көк мата) Шарты: Берілген заттарды өз өз орнын тауып қоя білу. Мыс: Күн жоғарыда, гүл төменде..... Дид ойын: «Құлынишақты дұрыс қой» Үлестірмелі материал: (жолақтар: қызыл – 10х3 см, көк – 15х3 см, 4 құлынишақ). Қай жолақ қысқа, ал қайсысы ұзын екенін салыстырып көріңдер. Қысқа жолаққа бір құлынишақты, ал ұзын жолаққа көп құлынишақты қоюларын ұсыну – Бір құлынишақ тұрған жолақ қысқа ма, ұзын ба? Көп құлынишақ тұрған жолақ ұзын ба, қысқа ма	Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру «Бұл қай кезде болады» Ұйқымыздан тұрамыз Беті-қолды жуамыз Әкемізге ереміз, Бақшамызға келеміз Бұл қай кез болады балалар? (таңертең) Сабақ оқып, ойын ойнап, Серуендеп қайтамын Тамағымды ішіп Түсте ұйықтап жатамын. (Күндіз) Біз тәртіпті баламыз Сабақты да оқимыз Серуенге шығамыз, қыдырамыз Бұл қай кез? (Түс) Ұйқыдан тұрып, беті- қолды жуып Төсекте жинап тазалықты сақтап, Таза ауа жұтып, кешкісін үйге қайтамын -Бұл қай кез? (Бесін) · Күн батады қызарып, Мамамызды күтеміз Бұл қай кез? (Кеш) Үйге келіп кино көріп Ойыншықтарды

	03-те қоңырау шалуға үйрету.		Вариативтік компонент Тақырыбы Кім жылдам? Мақсаты: Балаларды санау дағдыланрын одан әрі дамыту, уақыт жайында қарапайым, түсініктерін бекіту. Жолда жүру ережесі. Тақырыбы: «Көлікпен саяхаттау» Мақсаты:Балалармен жол белгілері және көшедегі жүріс-тұрыс ережелері туралы білімдерін бекіту	Вариативтік компонент Тақырыбы Теңге ілу Мақсаты: Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын, шапшаңдылығын дамыту. Ұжымда ойнауға дағдыландыру Өрт қауіпсіздігі Тақырыбы :»Керегін таңда» Мақсаты:Балалардың өрт сөндіру кезінде қажетті заттар,оларды пайдалану ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.	жинастырып Беті-қолды жуып,тісімді тазартып Ұйықтауға жатамын Бұл қай кез? (Түн)
Балалармен жеке жұмыс	Дид ойын: Сан жаттығу: Шарты: Қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды санау «Деньеш блогтары» Мақсаты: ұжыммен жұмыс жасауға дағдыланады.	Дид ойын: ойын: «Көлеңкесін тап» Ойын шарты: Балалардың қолына әртүрлі заттардың суретін таратылады. Балалар қолдарындағы суреттер бойынша көлеңкесін тауып орындарына отырады.	Дид ойын: ойын «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдерін жылдам табады, атайды және сипаттайды. Шарты:Балалар жыл мезгілдерінің суреттерін жапсырып ерекшеліктерін айтады.	Дид ойын: «Артығын тап» Мақсаты: Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді. Күтілетін нәтиже: Суреттерді атай отырып,не артық екенін айтады.	Дид ойын: «Шатастырма» Көктемде қар жауады. Қазір күз мезгілі? Көктемде қар ериді? Көктемнің бірінші айы-наурыз Қыста жапырақтар сарғаяды? Жылмезгілдері: қыс,көктем,жаз,күз. Жаз ең суық жыл мезгілі? Күзде бәйшешектер өседі? Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді? Жазда балалар оқиды?

Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i> «Еңбегі адал жас өрен»-баламен еңбекке баулу, өз-өзіне қызмет етуге үйрену				
Серуен	Серуен № 17 <i>Ауа райын бақылау.</i>	Серуен № 18 <i>Күннің көзін бақылау.</i>	Серуен № 12 <i>Аула сыпырушы еңбегін бақылау.</i>	Серуен № 11 <i>Құстарды бақылау.</i>	Серуен № 10 <i>Күнді бақылау.</i>
	Өнегелі-15минут. Қауіпсіздік ережесі-ата анамаен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>Ата-анаға: балаға жиі қазақтың ертегілерін оқып беуге ұсыныс айту. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жасаған шығармашылық жұмыстарымен таныстыру.</i>	<i>Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы төлек керек екенін ескерту. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Балаланы балабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.</i>



Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: МКҚК «Жолшы» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Ересек «Еркетай» т.

Балалардың жасы: 4 жас


Жоспардың құрылу кезеңі: 11.03 – 15.03.2024ж

Апа дәйек сөзі: «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»

«Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. «Менің Қазақстаным» ҚР.Әнұранын орындау			
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру Өнегелі 15 минут			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Картотека №3 Дид ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдері туралы біледі, мезгілдердің атауларын айта алады.	Картотека №11 Дид ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балалар әр түрлі мамандықпен таныса отырып, мамандық иелерін ажырата алады.	Картотека №5 Дид ойын: «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырата алады.	Картотека №1 Дид ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: суреттен көрген заттары-ның аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін айта алады.
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан			
Таңертенгі жаттығу	Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру. Наурыз айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау			
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. Үнемді тұтыну-«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Отбасында гүліміз, Көңілді өтер күніміз. «Қайырлы таң!» деп айтамыз, Бір болып кеште қайтамыз.	Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған	Қызығушылықты ояту. Бүгін таңертең мен «.....» балабақшасының балаларына»	Қызығушылықты ояту. Дид ойын: «Ойлан тап» Бұл қай кезде болады?	Ой қозғау. Б.Серікбаев «Көктем келді» -Күн , неге күркіреді?	Қызығушылықтарын ояту. АҚТ технологиясымен

іс-әрекет	деген жазуы бар конверт тауып алдым. Бұл сиқыршыдан келген болуы керек. Мен сендерді күтіп, конвертте не бар екенін көрейін деп шештім. Конвертті ашу. Ой қозғау. Қараңдаршы мұнда кітап бар екен. Бұл ертегі кітап екен. Онда қандай ертегі жасырылғанын білгіңіз келе ме? (Иә) Төрт мезгіл суреттерін шығару. Сұрақ-жауап. Әр мезгілдің суреті бойынша қандай мезгіл екенін сұрау. Ертеде төрт мезгіл болған: қыс, көктем, жаз, күз. Олар бірге өмір сүріп, бүкіл әлемді кезекпен басқарды: үш ай - қыс, үш ай - көктем, үш ай - жаз және үш ай - күз. Бірақ бір күні Қыс өзін ең маңызды деп шешті және Көктемге жол бергісі келмеді. Өсімдіктер қар жамылғысының астында жата берген соң олар қатты уайымдайды. Құстардың ән айтуы тоқтайды. Адамдар суықтан шаршайды. Күз бен жаз мазалайды. Ал Көктем: Ешқандай уайымдамаңдар, менде суықты жеңуге көмектесетін керемет бар дейді. Ой балалар одан әрі ештеңе жоқ. Бірақ конвертте жарық, от және күн бейнеленген карточкалар бар. Осылардың қайсысы Көктемге көмектесетін керемет болуы мүмкін деп ойлайсыз? (Күн) Расында, күн – ең мейірімді я. Күн туралы не айта аламыз? Күн мейірімді, жылы, шуақты, күлімсіреп тұрады. Күн не үшін керек? Адамдарға, жануарлар, құстар, өсімдіктерге, ағаштарға керек.	Жұмбақ жасыру Қар еріп, су ағады, Сарқырап сайға толады. Күн ұзарып жылиды, Бұл қай кезде болады? (көктем) Ой дамыту. Суретпен жұмыс. Көктем мезгілі туралы түсінік беру. -Көктем мезгілінде қандай ерекшеліктер болады? Қар ериді, ағаштар бүршік жарады.  Құстар ұшып келеді -Құстарға қандай қамқорлық жасаймыз?  Көктем мезгілі қай мезгілден соң келеді?  Балалар қазір сендер сиқыршы боласыңдар. Дид ойын: «Суретті жандандыр» Көктем мезгілін суреттер арқылы	-Көктем келді, көктем келді! -Жаңбыр, неге сірікірейді? -Көктем келді, көктем келді! -Бұлақ, неге сылдырлайды? -Көктем келді, көктем келді! -Құлын, неге құлдырайды? -Көктем келді, көктем келді! -Гүлдер, неге жсайнайды? -Көктем келді, көктем келді! -Құстар, неге сайрайды? -Көктем келді, көктем келді! Міне, балалар, көктем келгеніне табиғат та, жануарлар да не істеп жүр? АҚТ технологиясымен жұмыс. Көктемнің алғашқы айы — Наурыз. Бұл айда күн жылынып, қар еріп, жылғалардан су ағады. Бұтақтар бүршік жарып, жер көктейді. Жаңбыр жауып, күн күркірейді. Малдар төлдейді. Құстар жылы жақтан ұшып келеді. Күн ұзарып, түн қысқарады. Балалар көктем мезгілінің алғашқы күндерінде қандай мерекені тойладық? Қандай мереке келе жатыр? 8-Наурыз аналар мерекесі. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі жаңа жылымыз бар. Дид ойын: «Көктем гүлдері» Шарты: Дәстүрден тыс трафарет арқылы гүлдер суретін салу, мақта таяқшасымен бояу. Суреттермен жұмыс. –Көктемде құстар келеді. Көктемде келетін құстарды қалай атайды? Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос.	жұмыс. Аудио дыбыс. Дид ойын: «Ненің даусы?» Шарты: Ұнтаспадан құстардың сайраған дауысы, судың сылдырап аққан дауысы естіледі. -Ненің дауысын естіп тұрсыңдар? -Оны естігенде көз алдарыңа не елестейді.? Ой қозғау. Сұрақ – жауап -Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады? -Көктем мезгілі сендерге ұнай ма? Көктем өрнегі Е.Өтетілеу ұлы. Өлең жолдарын оқып, түсіндіру. Қар еріді, су ақты, Күндер кедлді шуақты. Байтақ дала келбеті Түкті кілем сияқты. Бір қадам әдісі арқылы өлеңді жаттау. Дид ойын: «Жақсы мен жаман» Мақсаты: Жақсы қасиет болса қолдарын шапалақтайды, жаман қасиет болса тыныш отыру. 1) Көшет отырғызу. 2) Ағаштарды сындыру. 3) Құстарға жем шашу. 4) Құстың ұясын бұзу. 5) Ағаштарға су құю. 6) Гүлдерді жұлғу. 7) Құстарға ұя жасау. Балаларды мадақтау.
------------------	--	--	--	---

Сергіту сәті. Енді біз сендермен ойнаймыз, сендер кішкентай самалсыңдар, мен сендерге жел таңбасын көрсеткенде дыбыс шығарасыңдар Тәрбиеші: Самал жел соқты, күн өзгерді. Бұл не? (көңілсіз, көңілсіз т.б.) Күн неге қабағын түйді? (оны бұлттар жауып тұрды) Тәрбиеші: Күнге көмектесейік, Аспандағы бұлттарды таратайық. Бұлттарға үрлейік (мұрынмен тыныс алу – ауызбен шығару, ауызбен дем алу – ауыз арқылы шығару). Бұлттарды қуу үшін біз тапсырмаларды орындауымыз керек. Бірінші тапсырма. Мына үлкен қара көк бұлтты қиып, онан будақ –будақ бұлттар жасаймыз. Солай бұлттарды таратамыз. 2- тапсырма: Қизан бұлттарды ашық түске бояймыз. Міне бұлттар күннің бетін ашты. Шапалақ. Қуану. Қараңдаршы, біз аспандағы барлық бұлттарды тараттық. Күнге назар аударайық, ол әлі көңілсіз. Балалар, қалай ойлайсыңдар, неге көңілсіз. Демк оның шуақтары жоголып кеткен бе? Қане күннің шуақтарын құрастырып берейік. Алақай Күн бізге күлді? Дид ойын: «Көктемгі сөздердің отбасы» Доппен. Мен саған допты лақтырып, сөзді атаймын, ал сендер допты ұстап алып, сол сөзді қайталайсыңдар, бірақ оның алдына көктем сөзінің қажетті түрін қой. Мысалы, күн – көктем күні; ауа райы көктемгі ауа райы,	жсандандырасыңдар. Балаларды топқа бөлу. 1-топ. Қыс мезгілімен көктем мезгілінің суреттерін өз орнына қояю.  Дид ойын: «Көктем ағашы» Шарты: Көктем мезгіліндегі ағашты салу. Жұмыс барысы: Сұрақ – жауап. Көктемде ағаштарда қандай өзгеріс болады? Неліктен бірінші бүршік шығады? Мақта таяқшасымен ағаш бұтағына бүршік салу. 2-топ: Дид ойын: «Суреттерді жина» Шарты: Көктем мезгіліне байланысты суреттеі құрастырып, шыққан суретке сөйлем құрайды. Суретке сөйлем құрау.  Қортынды Мнемo кесте арқылы ұоқ қортындылау.  Балаларды мадақтау.	Оларға біз де қамқор болуымыз керек. Дидактикалық ойын: «Жыл құстарын ата, көрсет» Шарты: Суреттерден жыл құстарын ажыратып көрсету. Дид ойын: «Ұя» Шарты: Геометриялық пішіндерден ұя құрастырып, жапсыру. Жаңылтпаш айту. Мағынасын түсіндіру. Құс қайтты, қыс келді, Қыс қайтты, құс келді. Балалар жай, жылдам қайталайды. Дид ойын «Құстар не істейді» Құстар ұшады. Құстар не істейді? Құстар ұя жасайды. Дид ойын: «Құстарды тамақтандыр» Шарты: Ермексаздан құстарға дән жасау. Жұмыс жасау жолдарын түсіндіру. Тақпақ. Көктем Көкке бояп өңірді, Көктем келді көңілді. Бау – бақшада, орманда, Құстар әні көңілді. Балаларды мадақтау. Ұ.О: «Қыз қуу» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы. («Бір тұтас тәрбие»бағдарламасы	Дид ойын: «Көктем белгісі» Шарты: Көктем мезгілінің суреттерін ретімен қояю. Шығармашылық бұрыш. Дид ойын: «Көктем өрнегі» Шарты: Өз еркімен шығармашылық жұмыс Бақылау. Қорытынды. Балалар не туралы әңгімелестік? Көктем мезгілінде қандай ерекшеліктер болады екен?
--	--	---	---

	Сөздер: көңіл-күй, еріген, найзағай, жаңбыр, айлар, орман, шөп, аспан, гүлдер, ағаштар, күн, ауа-райы, бұлақ, т.б. Ой дамыту. Мнемокестемен жұмыс. Көктем келді. Күн жылынып, жарқырай бастады. Күн сәулесінде мұздар ери бастады. Бұлақтар ағып, өзендерде мұздар жылжи бастады. Алғашқы гүлдер пайда болды. Балалар, көктемнің алғашқы гүлдері қалай аталады? Оларды атаңыз. бәйшешек, лалагүл, т.б.) Ендеше көктемнің әрқашан қыстан кейін келетінінің басты себебі неде? Күн жоғары көтеріледі, жарқырайды және күшейеді. Барлығыңды көгалға шығып, шеңберге отыруға шақырамын. Қортынды. Айтышы, сендерге көктем ұнай ма? Енді әрқайсың көктемді не үшін жақсы көретіндеріңді айтып бересіңдер.	Ұ.О: «Түйілген орамал» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы. («Бір тұтас тәрбие»бағдарламасы)		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. Еңбегі адал жас өрен-мақсаты:Өзіне-өзі қызмет көрсету.			
Серуен	Серуен № 17 Ауа райын бақылау.	Серуен № 18 Күннің көзін бақылау.	Серуен № 11 Құстарды бақылау.	Серуен № 10 Күнді бақылау.
	Көктем серуен картотекасынан			
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.			
Түскіас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау			
Күндізгіұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қояды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау			

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№3 «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз, - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз. - «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.	№4. Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды Бес дегенде секір көрсет бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.	№6. арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау	№7. «Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»-балалар тізе бүгін отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді. - Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгін отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. «Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.
	Еңбегі адал жас өрен- «Өз-өзіне қызмет жасау».Ұйқы ашар жаттығу картатекасы. Үнемді тұтыну мақсаты:Судыүнемді пайдаланып,жуыну ережелерін түсіндіру. Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан			
Бесінас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру Бұрыштарым жоқ менің, Дөңгелекте емеспін, Ұқсаймын мен денеге Кім табады, бұл не? (Сопақша) Үш төбесі бар көрінген Үш бұрышы мен үш беті Жауабын кім шешеді? (Үшбұрыш) Әр жұмбақты шешекен сайын жауабы болатын геометриялық пішінді тақтаға іліп, балаларға сұрақтар қойылады. -Сопақша, үшбұрыш туралы не білесіңдер? -Дөңгелектен айырмашылығы? -Сопақша, дөңгелек неге ұқсайды? Қауіпсіздік ережелері. Тақырыбы: «Жедел жәрдем» Мақсаты: Қажет болса,балаларды жедел	Санамақ 1-дегенім бесік Шықтым содан өсіп. 2-дегенім елім Өзен,тауым,көлім. 3-дегенім үміт.Үміт артар жігіт. 4-дегенім төзім. Төзе білем өзім. 5-дегенім бақыт . Бағалайтын уақыт. «Пішінді құрастыр» Шарты: Балалардың алдына әр түрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек. Жолда жүру ережесі. Тақырыбы: «Көлікпен саяхаттау» Мақсаты:Балалармен жол белгілері және көшедегі жүріс-тұрыс ережелері туралы білімдерін бекіту.	Дид ойын: «Жол картасын бейнеле» (үлкен көлемде жайылған жасыл немесе көк мата) Шарты: Берілген заттарды өз өз орнын тауып қоя білу. Мыс: Күн жоғарыда, гүл төменде..... Дид ойын: «Құлынишақты дұрыс қой» Үлестірмелі материал: (жолақтар: қызыл – 10х3 см, көк – 15х3 см, 4 құлынишақ). Қай жолақ қысқа, ал қайсысы ұзын екенін салыстырып көріңдер. Қысқа жолаққа бір құлынишақты, ал ұзын жолаққа көп құлынишақты қоюларын ұсыну – Бір құлынишақ тұрған жолақ қысқа ма, ұзын ба? - Көп құлынишақ тұрған жолақ ұзын ба, қысқа ма	Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру «Бұл қай кезде болады» Ұйқымыздан тұрамыз Беті-қолды жуамыз Әкемізге ереміз, Бақшамызға келеміз Бұл қай кез болады балалар? (таңертең) Сабақ оқып, ойын ойнап, Серуендеп қайтамын Тамағымды ішіп Түсте ұйықтап жатамын. (Күндіз) Біз тәртіпті баламыз Сабақты да оқимыз Серуенге шығамыз,қыдырамыз Бұл қай кез? (Түс) Ұйқыдан тұрып,беті-қолды жуыпТөсекті жинап тазалықты сақтап,Таза ауа жұтып,кешкісін үйге қайтамын

	медициналық көмекке 03-те қоңырау шалуға үйрету.		Вариативтік компонент Тақырыбы Ұшты\ұшты Мақсаты: Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұжымда ойнауға дағдыландыру Өрт қауіпсіздігі Тақырыбы:»Керегін таңда» Мақсаты:Балалардың өрт сөндіру кезінде қажетті заттар,оларды пайдалану ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.	Бұл қай кез? (Бесін) · Күн батады қызарып, Мамамызды күтеміз Бұл қай кез? (Кеш) Үйге келіп кино көріп Ойыншықтарды жинастырып Беті-қолды жуып,тісімді тазартып Ұйықтауға жатамын Бұл қай кез? (Түн)
Балалармен жеке жұмыс	Дид ойын: Сан жаттығу: Шарты: Қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды санау «Деньеш блогтары» Мақсаты: ұжыммен жұмыс жасауға дағдыланады.	Дид ойын: ойын: «Көлеңкесін тап» Ойын шарты: Балалардың қолына әртүрлі заттардың суретін таратылады. Балалар қолдарындағы суреттер бойынша көлеңкесін тауып орындарына отырады.	Дид ойын: «Артығын тап» Мақсаты: Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді. Күтілетін нәтиже: Суреттерді атай отырып,не артық екенін айтады.	Дид ойын: «Шатастырма» Көктемде қар жауады. Қазір күз мезгілі? Көктемде қар ериді? Көктемнің бірінші айы-наурыз Қыста жапырақтар сарғаяды? Жылмезгілдері: қыс,көктем,жаз,күз. Жаз ең суық жыл мезгілі? Күзде бәйшешектер өседі? Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді? Жазда балалар оқиды?
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау «Еңбегі адал жас өрен»-баламен еңбекке баулу,өз-өзіне қызмет етуге үйрену.			

Серуен	<i>Серуен № 17</i> <i>Ауа райын бақылау.</i>	<i>Серуен № 18</i> <i>Күннің көзін бақылау.</i>	<i>Серуен № 11</i> <i>Құстарды бақылау.</i>	<i>Серуен № 10</i> <i>Күнді бақылау.</i>
	Өнегелі-15минут.Қауіпсіздік ережесі-ата анамаен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу. <i>Таңғы серуенді бекіту.</i>			
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.</i> <i>Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.</i> <i>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>Ата-анаға: балаға жиі қазақтың ертегілерін оқып беуге ұсыныс айту.</i> <i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы төлек керек екенін ескерту</i> <i>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балаланы балабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.</i>



Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: МКҚК «Жолшы» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Ересек «Ержаста»

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.03-29.03.2024ж

Апта дәйек сөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	Қ.Р ән ұраны				
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру Өнегелі 15 минут.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Картотека №6 Дид ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдері туралы түсініп, мезгілдерді атауларын атай алады.	Картотека №8 «Бұны қай кезде киеді?» Ойын шарты: суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу.	Картотека №17 «Әдемі гүл» Ойынның шарты: Гүлдерді түстері бойынша жинау.	Картотека №19 «Гүлдерді күтеміз» Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әңгімелету.	Картотека №29 «Нан қалай жасалады» Ойын шарты: нанды дастарханға келгенге дейінгі жолын көрсетіп, онда жұмыс істейтін адамдардың еңбегі көрсетіледі.
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан				
Таңертенгі жаттығу	Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру. Наурыз айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. Үнемді тұтыну- «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Отбасында гүліміз, Көңілді өтер күніміз. «Қайырлы таң!» деп айтамыз, Бір болып кеште қайтамыз.	Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық	Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	Психологиялық сәт Балалар, терезеден күн	Тосын сәт Ұлттық көйлек киген	Қызығушылықтарын ояту.	Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт: АҚТ	Өлең оқу. Наурыз тойы.

ұйымдастырылған іс-әрекет	нұрын төгіп тұр екен. Күн көзінен қуат алып, бір – бірімізге жақсы сөздер айтайық. Ой дамыту. АҚТ технол Мнемотехника әдісі арқылы «Көктем» мезгілін сипаттау. Балалар қазір қандай мезгіл? Көктем мезгілінде келгенде табиғат қандай өзгеріске ұшырайды? Көктем мезгілінде болатын мерекелерге тоқталу. Ой дамыту. Наурыз туралы түсінік беру. Мал төлдеп, табиғат оянатын кез. -Ата-бабамыз осы мерекені ауыл-ауылда тойлап, қазақтың ұлттық ойындары ойналады.  Қазақтың кең дастарқаны жайылады.Қазақтың ұлттық киімдері киіледі. Алтыбақан, той-думан болады.	қуыршақтың қонаққа келуі. Қуыршақпен сәлемдесу Сұрақ-жауап -Балалар,бұл қуыршақтың есімін сендер білесіңдерме? -Олай болса,қуыршақтың өзінен сұрап көрейікші. -Балалар, қуыршақ есімін айтқысы келмесе,онда бәріміз бірге оның есімін қояйық. -Сұлушаш Ой қозғау. -Сұлушаш сендерге ұнадыма? Дид ойын: «Қуыршақты сипатта» Несі ұнады?(шашы,көйлегі, сырғасы, бөркі, камзолы, үкісі). -Сұлушашатың шашы қандай?(Қою қара шашты) -Оның шашы ұзын,әдемі -Ал Сұлушашымыздың көйлегі қандай? Бұрмелі,қазақтың ұлттық көйлегі. Слушаш көйлегіне ою-өрнек салып беруді өтініп тұр. Салып береміз бе? Дид ойын: «Ою-өрнек» Шарты: Берілген үлгідегі көйлектегі оюды қызыл түске бояу.  Сұлушаштың бөркіне тоқталу. -Бөрік киімнің қай түріне жатады?	Білмеспек келеді. Мен барлық балалар сияқты өнерлі болғым келеді. Наурызда ұлттық аспаптырмен өлең айтқым келеді.Мен ұлттық аспаптарды білмеймін. -Сол үшін достарымнан көмек сұрай келдім. Балалар көмектесеміз ба? АКТ технологиясы Слайд. Ұлттық аспаптар.  Домбыра, қобыз, жсетігенмен таныстыру. домбыраның құрылысын көрсету арқылы түсіндіру.  - Домбыраның құрылысы көптеген бөліктерден тұрады.Мынау домбыраның басы, құлағы, мойыны, пернелері, домбыраның беті, шанағы, тиегі, ішегі, дөңгелек дыбыс ойығы деп аталады Сергіту сәті: Кәне балалар тұрайық аспапқа қол созайық, Қобызды да ойнайық Домбыраны да тартайық Сыбызғыны сызылтып, Билеп-билеп алайық. Қобызбен таныстыру.	технологиясы. Қонаққа әже келеді. Әже: — Сәлеметсіңдер ме балақандарым. Мен сендерге бүгін қазақтың дәстүрлері туралы айтып беремін. Дид ойын: «Кімнің даусы» Шарты: Жылаған бөбектің даусын ажырату. Бесік туралы түсінік беру Мынау бесік деп аталады. Бесікті таза ағаштан жасайды. Ең алдымен бесіктегі баланың бас жағына жұмсақ жүннен жасалған жастық саламыз. Ал мынау бөпенің үстіне жамылатын көрпесі. Мынау белбеуі,бала құлап қалмас үшін белінен және аяқ тұсынан осы белбеумен байлап қояды. Балалар ,қараңдаршы бесіктің де,төсеніштің де ортасы ойылып алып тасталған екен. Себебі сол жерде түбегі тұрады. Ал мынау шүмегі,осы шүмек арқылы баланың кіші дәреті түбекке құйылып, баланың денесі былғанбай таза болады. Ой қозғау. —Балалар,айтыңдаршы мынау қандай заттар? Айна, тарақ, пышақты не үшін бөпенің басына қояды? айна мен тарақты кішкентай бойжеткен қызымыз «әдемі болсын» деп Пышақты бала шошымас	Күн менен түн теңелді, Жер шуаққа кенелді, Соны тойлар ел енді. Наурыз тойы -салтымыз, Көгерсін деп халқымыз Көшеге тал егеді. Жарқырап тұр күніміз, Жайқалсын жас гүліміз, Сұрақ-жауап: Өлең не туралы айтылған? Наурыз мерекесі қай мезгілде келеді? Балаларға Наурыз көже туралы түсінік беру.  Дид ойын: «Наурыз дастарханы» Балаларды топқа бөлу. 1-топ: құрт мүсіндеу 2-топ: Дайын кесеге ою жапсыру. 3-топ: Дайын киіз үйдің оюларын бояу. Сұрақ –жауап Қандай мереке туралы білдік? Қандай жұмыстар жасадық? Балаларды мадақтау. Дид ойын: «Наурыз ережесі» -Күн мен түн теңеледі--Ренжіскен адамдар достасады -7 түрлі дәмнен Наурыз көже дайындайды -Ұлттық ойындар
----------------------------------	--	--	--	--	--

	 Жеті тағамнан жасалатын наурыз көже пісіріледі.  - Бір тал кесең, он тал ек- дескен қариялар бұлақ басына тал егеді  Міне, Наурыз мерекесінің ерекшелігі осылар. Сергіту сәті. Дид ойын «Наурыз деген не?» -Күн мен түн теңеледі- Ренжіскен адамдар достасады -7 түрлі дәмнен Наурыз көже дайындайды Ұлттық ойындар ойналады. -Ешкіммен ренжіспейді;- Жаман сөздер айтпайды;- Жаман қылықтар көрсетпейді.	-Бөріктің төбесінде үлпілдеп тұрған несі? -Бөріктің төбесіндегі үкісі неден жасалады? Үкі-орман құсы. Үкінің-жүні үлпілдек. -Енді бәріміз үкінің дыбысын салайықшы. Сергіту жаттығуы: Сөйлемейсің сен неге, Тілің жоқ па, қуыршақ? Жуынбайсың сен неге, Кірің жоқ па, қуыршақ? Аяғың бар ма, сен неге? Жүре алмайсың, қуыршақ? Жұмсағанда сен неге, Тіл алмайсың, қуыршақ? Біз күлгенде күлмейсің, Аңқаусың ба, қуыршақ? Бізбен бірге жүрмейсің, Жалқаусың ба, қуыршақ? (Р.Тышқанбаев) 4. Ой дамыту. Балалар қуыршаққа біз сыйлық жасаймыз ба. Оған әдемі камзол жасап берейік Балаларды топқа бөлу. Дид ойын: «Сыйлық» 1-топ. Камзолға ою жапсыру 2-топ. Етікке ою жапсыру.  Сұрақ-жауап. Камзолды, етікті немен әсемдедік Түстері қандай?	 Жетігенмен таныстыру.  Дид ойын: «Қай аспаптың үні?» Шарты: Үнтаспа арқылы аспаптар үні беріледі (балалар естіген әуен қай аспап үні екенін ажыратып сол аспаптың суретін көтереді) Ой қозғау. Топқа бөлу. Дид ойын: «Бөлігін тап» Шарты. Берілген суреттегі аспаптардың бөлігін тауып құрастыру. 1-ші топ. Домбыраның ішегін ұзыннан салу. 2-ші топ Жетіген бөлігін тауып жапсыру 3-ші топ Қобыз бөлігін тауып құрастыру. Қорытынды. Білмеспек ұлттық аспаптарымен танысқанына қуанып рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы. («Бір тұтас тәрбие»бағдарламасы	үшін жастығының астына қояды. Бесікке салу дәстүрі. Әже бесікке салуды көрсетеді. — Бөпеміздің ұйқысы тәтті болсын деп « Бесік жырын» айтайық: Әлди, әлди , ақ бөпем, Ақ бесікке жат бөпем. Жылама бөпем, жылама, Жілік шағып берейін Бөпеміз ұйықтасын, бесікті тербетейін, ал сендер бөпеге арнап тілектеріңді білдіріңдер. Балалар тілек тілейді. Тұсау кесер салтын көрсету. Әже: Баланың тұсауын кесу үшін мына жіптерді дайындадым. Ақ жіп қостым – адалдыққа апарсын деп Жасыл жіп қостым – әұмырлы, көсегесі көгерген азамат болсын деп Қызыл жіп қостым -..... қызылға оранған молишылықты болсын деп. Әже. Қаз – қаз балам, қаз балам. Қадам бассаң мәз болам. Құрмеуіңді шешкейсің Тұсауыңды кесейін-деп тұсау кеседі. Балалар: қаз - қаз, балам, қаз балам. Дид ойын: «Топтастыр» Шарты: Суреттен наурыз мерекесіндегі салт-дәстүрді топтастырып жинақтау	ойналады. -Ешкіммен ренжіспейді; -Жаман сөздер айтпайды; -Жаман қылықтар көрсетпейді. Дид ойын: «Бөлігін тап» Шарты: Алтыбақан, киіз үй, бесік берілген заттардың бөлігін тауып құрастыру. Қим ойын: «Асық ату» Шарты: Асық ойнауды үйрету. Тақпақ. Наурыз келді еліме, Наурыз келді жеріме. Байлық, бақыт тілеймін, Бүкіл қазақ еліне. Қорытындылау Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.
--	---	--	--	---	--

	Дид ойын: «Наурыздағы бауырсақ» Шарты: Бауырсақты әр түрлі шығармашылықта бере білу. Балаларды топқа бөлу. 1-топ; Ермексازдан бауырсақ мүсіндеу 2-топ: Дастарханға бауырсақ жапсыру. Қортынды Қим ойын «Тақия тастамақ» ҰІӘ қорытындылау. Балаларды мадақтау	Қуыршаққа сыйға береміз бе? Рақмет балалар, мен бұл камзолды, аналар мейрамына және наурыз мейрамына киетін боламын. Рақмеет сендерге Сау болыңдар балалар Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.	). Тақырыбы: «Тақия тастамақ»	Қорытынды Әже. Балаларға бата беріп қоштасады. Бүгін қандай салт-дәстүрмен таныс болдық? — Бесіктің қандай жабдықтарын білесіңдер? Балаларды мадақтау.	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. Еңбегі адал жас өрен-мақсаты:өз-өзіне қызмет көрсету				
Серуен	Серуен № 1 Бақылау. Гүлдейтін ағаштарды бақылау.	Серуен № 2 Бақылау. Құстарды бақылау.	Серуен № 3 Бақылау. Қараторғайды бақылау	Серуен № 4 Бақылау. Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау	Серуен № 5 Бақылау. Ауа райын бақылау
	Көктем серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	Еңбегі адал жас өрен-мақсаты:өз-өзіне қызмет жасау. Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскіас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгіұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қояды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№ 11 Майтабанның алдын алу. Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру,жүру орнымызға қарай жүгіру. Гимнастикалық жолдан жүру	№ 12 Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Ояту Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.	№13 Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Ояту Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.	№ 14 Балапандар. Ояту Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	№15 Тыныс алу жаттығуы: Ояту Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақ ұрайық Орнымыздан тұрайық. Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку,

	Жүрейік біз жүрейік Аяқты біз емдейік Аяқ қолым мықты болып Көпірлерден өтейік.	Созылу			қу - ка - ри - қу. Табанды шынықтыру массаждары:
Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан					
Бесінас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сюжетті рөлді ойын «Дәрігер» Мақсаты: балалардың Мамандықтар туралы түсініктері қалыптасады. Күтілетін нәтиже: Дәрігер, емделушінің ара-қатынасын түсініп, ойнай алады.	Сюжетті рөлді ойын «Шалқан» ертегісі. Мақсаты: Балалар ертегі кейіпкерлерін сомдауға дағдыланады Күтілетін нәтиже: Өздеріне берілген ертегі кейіпкерлерін сомдай алады. Жолда жүру ережесі. Тақырыбы: «Көлікпен саяхаттау»	Дид ойыны «Телефон» Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуді үйренеді. Сөздік қоры дамиды. Күтілетін нәтиже: Балалар ойынды ойнай отырып, қарым-қатынас дағдыларын түсінеді. Вариативтік компонент Тақырыбы: «Пысықтаушы логика жаттығулары» Мақсаты: Сан құрайын ажыратудың әр түрлі тәсілдері; ақыл-ой белсенділігін күшейту, шапшандылыққа, дәлдікке тәрбиелеу.	Дид ойын: «Қуышақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей өлшемдерді түсінеді. Күтілетін нәтиже: Ойын арқылы геометриялық ұғымдарды үйренеді. Вариативтік компонент Тақырыбы: Ұшты/ұшты Мақсаты: Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұжымда ойнауға дағдыландыру	Дид ойын: «Ортақ атауына қарай топтастыр» Мақсаты: заттың кез-келген ортақ атауы болатынын түсінеді Күтілетін нәтиже: Суреттерді топтастыра отырып, ортақ атауларын атай алады. Өрт қауіпсіздігі ережелері ойындар картотекасы. Тақырыбы: «Ойнайтын заттар»
Балалармен жеке жұмыс	Дид ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Балалар бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніне түсінеді. Диқанишылардың еңбегін құрметтеуді біледі. (әлеумет саласы карт)	«Біздің шаңырақ» Е.Өтетілеуов Атамнан басталар Әжеммен қосталар Отбасым мынылар: Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар Бір туған ағам бар Бір туған анам бар... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін еремін!	Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева Арасынды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі Енді ғана білдім- Мен де балғын гүлмін!	Құстар туралы тақпақ Қарлығаш Адамзаттың жақыны Қарлығаш та ақылды Көгершін мен екеуі Жайлайды бір шатырды Торғай Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды Құс өкпелеп кетеді Бақшамызға қонбайды.	Санамақ Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде – бесеуіміз

Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i> Еңбегі адал жас өрен-баламен еңбекке баулу,өз-өзіне қызмет етуге үйрену.				
Серуен	Серуен № 1 <i>Бақылау. Гүлдейтін ағаштарды бақылау.</i>	Серуен № 2 <i>Бақылау. Құстарды бақылау.</i>	Серуен № 3 <i>Бақылау. Қараторғайды бақылау</i>	Серуен № 4 <i>Бақылау. Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау</i>	Серуен № 5 <i>Бақылау. Ауа райын бақылау</i>
	Өнегелі-15минут.Қауіпсіздік ережесі-ата анамаен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу. Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>Ата-анаға: балаға жиі қазақтың ертегілерін оқып беуге ұсыныс айту. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жасаған шығармашылық жұмыстарымен таныстыру.</i>	<i>Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы төлек керек екенін ескерту Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балаланы балабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.</i>



Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: МКҚК «Жолшы» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Ересек «Еркетай» тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.03 – 20.03.2024ж

Апта дәйек сөзі: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Қ.Р ән ұраны	
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру Өнегелі 15 минут.	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Картотека №10. Дид ойын: «Жол әліппесі» Мақсаты: балалар көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол белгілерін түсінеді.	Картотека № 4. Дид ойын: «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Балалар құстар туралы өз ойларын айта алады.
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан	
Таңертенгі жаттығу	Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру. Наурыз айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау	
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. Үнемді тұтыну- «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Асапан ашық, көгілдір Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр.	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүрмін. Қатар тұрар шеңберде, Досым көбін білемін.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Қызығушылықты ояту. Балалар, бүгін біздің топқа посылка келді. Онда не бар екенін білгілерің келе ме? Балалар: Иә. Тәрбиеші: Енді ашып, ішінде не бар екенін білейік. Педагог пакетті ашып, қораптан жапырақшалары жабық гүлді шығарады. Балалар, міне, тағы бір жазба.	Ой қозғау. Б.Серікбаев «Көктем келді» -Күн, неге күркірейді? -Көктем келді, көктем келді! -Жаңбыр, неге сірікірейді? -Көктем келді, көктем келді! -Бұлақ, неге сылдырлайды?

